ҚОҒАМ

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК ПЕН ОРТАҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

2-бетте

АЙМАҚ

ЖОБА АЯСЫНДА ШАҒЫН КОНДИТЕРЛІК БИЗНЕС БАСТАҒАН КӘСІПКЕР

3-бетте

АҚПАРАТ



ЕЛ ҚАЗЫНАСЫН ТОЛТЫРЫП, ЭКОНОМИКАНЫ КӨТЕРУДІҢ БІР ЖОЛЫ...

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №37 (1896) 5 сәуір 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

АЛМАТЫДАҒЫ КЕЗДЕСУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ПЕРСПЕКТИВАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесті.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия–Еуропа Одағы» саммитіне ерекше мән беретінін жеткізіп, аталған жиын аймақ елдерінің Еуропа Одағымен диалогын ілгерілетуге ықпал ететініне сенім білдірді.

Президенттер Алматыдағы бейресми кездесудің нәтижелі өткеніне назар аударды. Сондай-ақ оның қазақ-өзбек қатынастарын тағы бір пысықтап, бірлескен жұмыс бағыттарын айқындауға мүмкіндік бергеніне тоқталды.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, екіжақты байланыстардың барлық бағыты бойынша өзара тиімді серіктестік аясын кеңейту ниетін растады.

AKORDA.KZ.

ЖИЫН

САПАЛЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Биыл Қостанай облысы тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге барынша күш салынбақ. Өйткені, Мемлекет басшысы міндеттегендей, бұл бағыттағы жұмыстар осы жылы толық аяқталуға тиіс.

Ал, біздің өңірдегі қазіргі көрсеткіш 91 пайыз шамасында. Алдағы тоғыз айда діттелген межеге қол жете ме? Бұл мәселе облыс әкімдігінде өткен жиында талқыланды.

Бүгінде ауыз сумен толық қамтылған өңірлер тізімінде Қостанай, Рудный, Лисаков, Жітіқара қалалары, сондай-ақ Сарыкөл ауданы бар. Бұларды Б.Майлин, Денисов аудандары 2-3 пайыз айырмасымен өкшелеп келе жатыр. Басқа аудан-қалалар «қамшы баса» түсуі керек. Жыл соңына дейін барлық жоспар түгел орындалуға тиіс.

«1 қаңтардағы жағдай бойынша, ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау 2023 жылғыдан қарағанда 4,6 пайызға өскен. 91,3 пайыз деңгейінде. Қалалардағы жалпы көрсеткіш – 99 пайыз. Былтыр осы бағытта 77 жоба қолға алынып, оған 20,769 миллиард теңге бағытталды. Оның ішінде 16 ауыл алғаш рет орталықтандырылған ауызсуға қол жеткізді. Облыста барлығы 313 шақырым су желісі, 12,8 километр су бұру желілері төселді. Ақаулы жүйелер саны 288-ге кеміді», – дейді облыстық Энергетика және ТКШ басқармасы басшысының міндетін атқарушы Азамат Сабыржан.

Оның айтуынша, 65 жоба іске асырылмақ. Оған 22,627 миллиард теңге қарастырылды. Республикалық бюджет комиссиясы тағы сегіз жобаға 5,394 миллиард теңге бөлу өтінішін мақұлдаған. Жалпы, 2025 жылдың аяғына дейін 34 ауылды және Арқалық, Тобыл қалаларын ауызсумен толық қамсыздандыру көзделіп отыр. Ұзынырғасы 24700 тұрғын қамтылады.

«21 ауыл орталықтандырылған ауызсумен жабдықталады. Қалған 13 ауылға су тарату пункті орнатылады. Сондай-ақ биыл сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іске асыратын жергілікті мердігерлік ұйымдардың үлесі 59 пайызға артатынын атап өткен жөн. Құрылыс-монтаж жұмыстары қатаң бақылану және осы жылы аяқталуға тиіс. Аудан-қала әкімдері Президент тапсырмасының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуі қажет», – деп толықтырды ол.

Энергетика және ТКШ саласына жыл сайын ауқымды қаражат бөлінеді. Мәселен, соңғы бес жылда 90 миллиард теңге бағытталған. Бұл, тиісінше, көзделген мақсатқа жақындауға септігін тигізіп отырды.

«Мен қандай елді мекендегі су тарту жұмыстары болсын, үнемі толықтай атқарылғанын талап етіп келемін. Ауылды сумен қамтып қана қою жеткіліксіз, ауызсу әр үйге кіруі керек. Сонда ғана жоба соңына дейін іске асты дей аламыз. Соңғы екі жылда 55 мың үйге су енді. Биыл 7207 үй тіршілік нәріне қосылуға тиіс. Қайталап айтамын, ауызсу ауылға ғана емес, әр тұрғынның шаңырағына келіп тұруы шарт. Бұдан бөлек, барлық жұмысты жергілікті компаниялардың жүргізгені маңызға ие. Мұны да ұдайы айтумен келемін. Аудан-қаланың атқарушы органдарына осыны міндеттеп отырамын. Олар жерлігікті бизнестің дамуына осылайша жағдай туғызулары қажет», – деді облыс әкімі.

2023 жылы жобалардың тек 26 пайызын өңірлік компаниялар атқарған. Ал, былтыр олардың үлесі 45 пайызға жетті. Осы жылы қостанайлық мердігерлер қатары тіптен басым бола түспек. Облыс басшысы мұның су желілері жобаларына ғана емес, барлық салада қатаң ескерілуі керек екенін айтты. Ал, жыл соңына дейін облысты сапалы ауызсумен толықтай қамту жоспары ұдайы жіті қадағалауда ұсталып отырмақ.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚҰРЫЛЫС

ЖАҢА «ФОСФОРШЫЛАР МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ» ҒИМАРАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Шымкентте жаңа «Фосфоршылар мәдениет сарайы» ғимаратының құрылысы басталды. Бүгін қала әкімі Ғабит Сыздықбеков пен «Сәби» қайырымдылық қорының негізін қалаушылар – эколог Әсел Тасмағамбетова және кәсіпкер Кеңес Рақышев маңызды нысанның құрылысы басталған жерге капсула салу рәсіміне қатысты.

Қаланың мәдени өмірінде ерекше орын алатын бұл орталық 1980 жылы пайдалануға берілген. Алайда, соңғы жылдары ғимарат қараусыз қалып, 2023 жылы коммуналдық меншікке өтті. Сарапшылар зерттеу жүргізе келе нысанды бұзу қажеттігін анықтады. Осыған байланысты Шымкент қаласы әкімдігі «Сәби» қорының қолдауымен сарайды бұзып, орнына жаңа мәдениет сарайын салу туралы шешім қабылдады.

Қала әкімі қатысушыларды маңызы зор құрылыстың басталуымен құттықтап, «Фосфоршылар мәдениет сарайы» ұзақ уақыт бойы қаланың мәдени орталығы болғанын атап өтті. Мамандар тарапынан жүргізілген зерттеу жұмыстары негізінде құрылысты қайта жаңғыртуға шешім қабылданып, бұл бастамаға «Сәби» қорының негізін қалаушылар қолдау көрсетті.

– Шымкенттің бай тарихы мен бірегей мәдени мұрасы бар. Қалада экономикалық өсуімге, инфрақұрылымды дамытуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға ерекше назар аударылып, мегаполис жалпы барлық бағыттар бойынша қарқынды дамып келеді. Бұл нысанның құрылысы болашаққа жасалған маңызды инвестиция болмақ. Жаңа мәдениет сарайы қаланың дамуына серпін беретін жаңа мәдени орталыққа айналады, – деді Ғ.Сыздықбеков.

«Сәби» қоры 23 жылдан бері медицина, білім және мәдениет салаларында кешенді зерттеулерге негізделген жобаларды жүйелі түрде қолдап келеді. Шымкенттегі маңызды нысанды қайта жаңғыртпас бұрын, қор «Шымкент және «Фосфоршылар мәдениет сарайы»: дәстүр, модерн және даму нүктелері» атты зерттеу жүргізіп, қала тұрғындарының әлеуметтік дағдыларды дамыту және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету қажеттілігін анықтады.

– Жаңа «Фосфоршылар мәдениет сарайы» – Шымкенттің мәдени дамуының жаңа кезеңі. Бұл тек жаңа дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беретін білім беру орталығы ғана емес, сонымен қатар, әр жастағы тұрғындарды біріктіретін қоғамдық кеңістік болады. Даму тұжырымдамасында ұрпақтар арасындағы мәдени байланысты нығайту мен дәстүрлерді сақтауға ерекше мән бердік, – деді Әсел Тасмағамбетова.

Жаңа мәдениет сарайы бірнеше бағытты қамтитын көпсалалы орталық болмақ. Мұнда IT-хаб, креативті хаб және қоғамдық бастамалар хабы жұмыс істейді. Қала тұрғындары үшін креативті индустрия алаңдары, суретшілер шеберханасы, көрме залы, амфитеатр, коворкинг, кеңсе бөлмелері, форум алаңы, сән көрсетіліміне арналған трансформер-сахна, бизнес-инкубатор, фото және видеостудия, дыбыс жазу студиясы, подкаст алаңы, конференц-зал, сондай-ақ, экологиялық бастамалар мен ата-аналар клубтары секілді қалалық қауымдастықтардың филиалдары қолжетімді болады. Сондай-ақ болашаққа қажетті дағдыларды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, «IT»-модельдеу және робототехника, тұрмыстық шаруашылық, руникалық жазу, домбыра тарту, шахмат, бассейн, үлкен теннис, футбол, күрес, көркем гимнастика, жаттығу залы мен би сабақтары ұйымдастырылады.

«Сәби» қорының тапсырысы бойынша жаңа мәдениет сарайының дизайны әзірленді. Жобада Шымкентке тән тарихи және заманауи элементтер үйлестіріледі. Жаңғырту жоспарына сәйкес, нысан маңындағы аумақ та кешенді түрде абаттандырылады. Мұнда саябақ алаңдары, аллеялар, субұрқақтар және заманауи балалар алаңдары салынып, қала тұрғындары мен қонақтары үшін жайлы кеңістік жасалады.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ӘУЕЗОВ АУДАНЫНДА ЖАҢА МЕКТЕПТЕР МЕН БАЛАБАҚШАЛАР САЛЫНАДЫ

Алматы қаласының Әуезов ауданында жаңа оқу орындары мен қолданыстағы мектептерге қосымша ғимараттар, балабақшалар салу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесу барысында мәлімдеді.

«Әуезов ауданының тұрғындары үшін сапалы әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету менің ерекше бақылауымда. Халықтың өсуін ескере отырып, оқушы орындарының тапшылығын одан әрі төмендету үшін жаңа мектептер мен қосымша ғимараттар салу бойынша жүйелі жұмыс іске асырылуда», - деді Ерболат Досаев.

Бүгінгі таңда ауданда оқушы орындарының тапшылығы 5 мыңнан асады. Бұл мәселені шешу үшін өткен жылдың қыркүйегінде №1 шағынауданда №97 мектептің апатты ғимаратының орнына салынған 600 орындық алғашқы жайлы мектеп салынды. 2024 жылдың қараша айында 1200 орынға есептелген сейсмикалық күшейтілген №9 мектепті күрделі жөндеу аяқталды.

Сондай-ақ 1976 жылы салынған және 20 жылдан астам күрделі жөндеуден өтпеген №13 мектептің және ескі ғимараттарды бұза отырып, №158 мектептің (1978 жылы салынған) жаңа ғимараттарын салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде.

Құрылыс басқармасы Ақсай-2 шағынауданындағы 33 үй мекенжайы бойынша 300 орындық №42 мектепке қосалқы нысан салуға ЖСҚ әзірлеуде. Мемлекеттік сараптамадан шығу мерзімі-2025 жылдың үшінші тоқсаны.

Бұл жобаларды іске асыру осы жылдың қыркүйек айында мемлекеттік сараптаманың қорытындыларын алғаннан кейін басталады, ал оларды ашу келесі оқу жылы басталғанға дейін жоспарланған.

Айта кетейік, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру аясында Алматы қаласы бойынша 35,6 мың оқушыға арналған 21 мектептің құрылысы жоспарланған. Сондай-ақ 1305 орындық мектептерге 6 қосымша құрылыс салынады.

Алматы әкімі мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі орын тапшылығын азайтуға ерекше назар аударады, ол 6122 орынды құрайды. Ағымдағы жылдың тамыз айында Әуезов ауданында екі балабақшаның құрылысы аяқталады: №10 шағынауданында 160 орындық және «Алтын бесік» шағынауданында 120 орындық.

2025 жылдың маусым айында «Таугүл» шағынауданындағы апатты ғимаратты алмастыратын 120 орындық балабақша құрылысына мемлекеттік сараптама қорытындысын алу күтілуде. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың қыркүйегінде басталып, 2026 жылдың қарашасында аяқталады деп жоспарлануда.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮКІМЕТ

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК ПЕН ОРТАҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Словения Президенті Наташа Пирц-Мусардың кездесуі екіжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге бағытталды. Келіссөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды дамыту, инвестиция тарту, көлік-логистикалық жобаларды жетілдіру, энергетика және цифрлық технологиялар саласындағы әріптестікті тереңдету мәселелері қаралды.

Тараптар сауда саласындағы өзара іс-қимылды жандандыру үшін Іскерлік кеңестің қызметіне ерекше мән берді. Бұл құрылым тау-кен, мұнай-газ, өнеркәсіп және өзге де секторларда ортақ жобаларды іске асыруға, инновациялық шешімдерді енгізуге және бизнес өкілдері арасында тікелей байланыс орнатуға ықпал етеді. Қазақстан инвестициялық тартымдылықты арттыру бағытында жүйелі шаралар қабылдап, шетелдік серіктестер үшін қолайлы бизнес ахуал қалыптастырып келеді.

Көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықтың маңызды бөлігі – Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту. Президенттер «Орта дәліз» шеңберіндегі бірлескен логистикалық және инфрақұрылымдық жобалардың болашағын талқылап, өңірлік және халықаралық жүк тасымалы жүйелерінің тиімділігін арттыруға ниетті екенін жеткізді.

Энергетика саласында екі ел жаңартылатын энергия көздерін дамыту, инфрақұрылымға бірлескен инвестициялар тарту және энергия тиімділігін арттыру мәселелеріне назар аударды. Сонымен қатар, су ресурстарын тиімді басқару және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында бірлескен бастамаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Цифрландыру мен жасанды интеллект саласындағы әріптестік те келіссөздер күн тәртібінде болды. Президенттер жаңа буын цифрлық қызметтерін дамыту және жасанды интеллект элементтерін енгізу бойынша бірлескен технологиялық жобаларды іске асырудың маңыздылығын атап өтті.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар қол жеткізілген уағдаластықтарды іс жүзінде жүзеге асыруға мүдделі екенін растады. Бұл мәселелер екі елдің Үкіметаралық комиссиясының ерекше бақылауында болады.

Н. ҒАЛЫМ.
Астана қаласы.

ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫ

ЕКІ МЫҢНАН АСА ЖҰМЫСШЫНЫҢ ЖАЛАҚЫ ҚАРЫЗЫ ТӨЛЕНДІ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен үшжақты комиссияның отырысы өтті.

Басқосуда мемлекеттік еңбек инспекциясы департаментінің басшысы Жарылқасын Айтақов 2024 жылы атқарылған жұмыстардың есебін берді.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары облыстағы ұйымдар мен кәсіпорындарға жоспардан тыс 146 тексеру жүргізді. Нәтижесінде 336 заңбұзушылық анықталып, жұмыс берушілерге 79 орындауға міндетті нұсқама берілді.

Заңды және лауазымды тұлғаларға 19 ескерту жасалды, 19 әкімшілік құқықбұзушылық туралы қаулы шығарылды.

4,2 миллион теңге әкімшілік айыппұл салынып, оның 3 миллион 278 мың теңгесі өндірілді. Анықталған еңбек заңнамасының бұзушылықтары толық жойылды.

Бұдан бөлек, 22 кәсіпорынға профилактикалық бақылау жүргізілді.

2085 жұмыскердің 421,1 миллион теңге жалақы қарызы өтелді.

Өңірдегі 11468 ұйымда ұжымдық шарттар, сондай-ақ 2291 кәсіпорында сақтандыру шарты жасалған.

Ербол Қарашөкеев жауаптыларға ұйымдар мен кәсіпорындарда еңбек даулары мен шиеленістерінің алдын-алу үшін жұмыстарды жандандырып, бақылауды күшейтуді міндеттеді.

Бұдан бөлек, қауіпсіз еңбек ортасын қалыптастыру, бейресми жұмыспен қамтылған азаматтарды анықтау, олардың еңбек қатынасын заңдастыру шараларын жалғастыруды, сондай-ақ ұжымдық шарттардың рәсімделуін және орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Кеңесті қорытындылаған облыс әкімі келесі комиссия отырысында берілген тапсырмалар сараланып, Тараз қаласы мен аудан әкімдерінің жауапкершілігі қаралатынын ескертті.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАРЖЫ

БЮДЖЕТ ТИІМДІЛІГІ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚАДАМ

Бүгінгі таңда бюджеттік қаржыны тиімді пайдалану және оны дұрыс жоспарлау – ел дамуының басты көрсеткіштерінің бірі болып отыр. Әрбір бөлінген қаражат халықтың әл-ауқатын жақсартуға, өмір сүру сапасын арттыруға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыда өңірлердегі бюджетті жоспарлау мен оның игілікті жұмсалуы Өңірлік стандарттар жүйесі арқылы бағалануда. Бұл жүйе аймақтардағы инфрақұрылымдық даму деңгейін теңестіруге және халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Экономикалық зерттеулер институтының 2023 жылғы талдауы бойынша Жамбыл облысы өңірлік стандарттарға сәйкес, халықты өмір сүруге қажетті игіліктермен қамту деңгейін 69,3 пайызға жеткізіп, республика бойынша 7-орыннан көрінді. Ал, 2024 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 74,1 пайызға өсіп, облыс 4-орынға көтерілді. Айта кетерлігі, алғашқы үштікті Астана, Алматы және Шымкент сынды ірі мегаполистер бастап тұр. Бұл Жамбыл облысының өңірлер арасында көшбасшылыққа ұмтылғанын айғақтайды.

Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеровтің айтуынша, 2024 жылы облыстың бюджет кірістері 701,4 миллиард теңгені құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 53,8 миллиард теңгеге артқан. Оның ішінде өзіндік кірістер көлемі 179,6 миллиард теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 28,9 миллиард теңгеге өскен. Осылайша өзіндік кірістердің жалпы бюджет кірісіндегі үлесі 23,2 пайыздан 25,6 пайызға ұлғайды.

Бюджетті толықтыруда салықтық түсімдердің де маңызы зор. Өткен жылы облыста 349 салық төлеуші қайта тіркеліп, 78 ірі кәсіпорыннан жергілікті бюджетке 5,6 миллиард теңге түсті. Ал, биыл бұл көрсеткіш 6,2 миллиард теңгеге жетеді деп жоспарлануда. Оның 3,1 миллиарды жергілікті бюджетке бағытталмақ.

2024 жылы облыс бюджетінің негізгі бөлігі әлеуметтік салаға жұмсалды. Облыстың 2025-2027 жылдарға арналған бюджет шығындары халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталып отыр. Оның ішінде:

- Әлеуметтік осал топтарды қолдау.
- Инфрақұрылымды дамыту және жаңғырту.
- Денсаулық сақтау жүйесін жақсарту.
- Саламатты өмір салтын қалыптастыру.
- Жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту.
- Агроөнеркәсіп кешенін жетілдіру сынды негізгі бағыттар қамтылған.

Жалпы, әлеуметтік салаға 434,2 миллиард теңге бөлініп, бұл облыстық бюджет шығынының 59,6 пайызын құрады.

Өткен жылы облыс бюджетінің жалпы шығыны 727,9 миллиард теңгені құраса, оның ішінде:

- 281 миллиард теңге – еңбекақы қорына.
- 271 миллиард теңге – ағымдағы шығындарға.
- 41 миллиард теңге – күрделі шығындарға.
- 135,6 миллиард теңге – даму бюджетіне бағытталды.

Нәтижесінде:

- 16 жаңа мектеп пайдалануға берілді.
- 8 оқушы орны тапшылығы бар мектептің мәселесі шешілді.
- 3 үш ауысымды, 3 тозығы жеткен және 2 апатты мектеп қайта жаңғыртылды.
- 10 мектеп күрделі жөндеуден өтті.

Денсаулық сақтау саласында:

- 22 жаңа медициналық нысан пайдалануға берілді, оның 18-і «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынған.
- 2 қалалық медициналық мекеме күрделі жөндеуден өтті.

Сонымен қатар, спорт және мәдениет салаларында да айтарлықтай ілгерілеу бар. Аймақта 10 жаңа спорт кешені мен 103 спорт алаңы ашылды. 9 мәдениет нысаны пайдалануға берілді.

Жалпы алғанда, мемлекет тарапынан тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында бюджет қаражатын тиімді басқаруға ерекше көңіл бөлінуде. Алдағы уақытта да өңірлік стандарттар көрсеткішін арттыру мақсатында жұмыстар жалғаса бермек.

Қ. КАМАЛОВ.
Жамбыл облысы.

САЛЫҚ САЯСАТЫ

БЮДЖЕТТІК ТҮСІМДЕР ҰЛҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Мемлекеттің экономикалық саясатының бір бөлігі - салық саясаты. Ол салық негізін, мөлшерлемесін, жеңілдіктерін және шегерімдерін өзгерту жолымен іске асырылады. Жалпы, қай өңірдің болмасын экономикасының тұрақты дамуы мен қаржылық жүйенің тиімділігін қамтамасыз етуде салықтық түсімдер мен бюджеттің толықтырылуы маңызды рөл атқарады.

Шығыс Қазақстан облысы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында облыстық мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Сайранқан Қабыш өткен жылдың қорытындысы бойынша, бюджетке түскен қаржы көлемінің артқандығын мәлімдеді.

Нақтырақ айтар болсақ, 2024 жылы жергілікті бюджетке 219,6 миллиард теңге түсті, бұл жоспарланған көрсеткіштен 6,2 миллиард теңгеге артық (орындау – 102,9 пайыз). Өткен жылмен салыстырғанда өсім қарқыны 123,2 пайызды құрап отыр. Ең үлкен түсімдер жеке табыс салығы – 67,3 миллиард теңге, корпоративтік табыс салығы – 43,2 миллиард теңге және әлеуметтік салық – 53,9 миллиард теңге.

– Департамент қызметінің маңызды бөлігі цифрлық технологияларды енгізу болды. Қазіргі уақытта 90,5 пайыз мемлекеттік қызмет автоматтандырылған, ал олардың 36-сы Электрондық үкімет порталында қолжетімді. Сонымен қатар, «E-Salyq Azamat» және «e-Salyq Business» мобильді қосымшалары белсенді дамып келеді. Бұл сервистер азаматтар мен кәсіпкерлерге қызметтерді ыңғайлы пайдалануға және салық есептілігін тапсыруға мүмкіндік береді, – деді Сайранқан Қабышұлы.

Спикердің айтуы бойынша ағымдағы жылдан бастап жаңа ақпараттық жүйе – салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесі (СӘИЖ) енгізіледі. Ол қолданыстағы 7 жүйені алмастырып, мемлекеттік қызмет көрсету процестерін айтарлықтай жеделдететін көрінеді.

Сондай-ақ бүгінде департамент кәсіпкерлер мен азаматтарды хабарландыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Салық жүйесіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар жариялап, салық төлеушілермен түрлі іс-шара мен кездесулерге өткізіген. Сонымен қатар, жергілікті жоғары оқу орындарымен меморандумдар жасалып, университеттерде салық және кеден саласындағы білімді арттыру бойынша тұрақты семинарлар өткізу арқылы департамент жастармен жұмыс аясын да кеңейткен.

Бұдан бөлек жиында ыңғайлы сервистерді енгізуге ерекше назар аударылып жатқандығы сөз болды. Енді азаматтар салықтар, шоттардың бұғатталуы және тіпті жеке тұлғалардың банкроттығы туралы ақпаратты «Salygbot Telegram»-боты арқылы ала алады.

Өңірдегі салықтық жүйенің тиімділігі, өткен жылдың қорытындысы бойынша бюджетке түскен қаражаттың айтарлықтай ұлғайғаны байқалады. Бұл салықтық әкімшілендіруді жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу және азаматтар мен кәсіпкерлерге көрсетілетін қызмет сапасын жандандыру нәтижесінде мүмкін болып отырғандығын белгілі.

Алдағы уақытта да департамент жұмысы жанданып, экономикалық тұрақтылықты нығайтуда, азаматтар мен кәсіпкерлер үшін салық төлеу процесін жеңілдету бағытында жүйелі жұмыстар өз жалғасын таппақ.

Г. ЖЫЛҚЫБАЙ.
Шығыс Қазақстан облысы.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

КӨП БОЛЫП ЖҰМЫЛСАҚ ЖЕҢЕМІЗ

Қазір қоғамдағы дендеген індеттің бірі – сыбайлас жемқорлық. Қоғам індетіне қатысты сала мамандары сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік экономикалық даму процесін тежейтіндігін айтады.

Елдің өркендеуіне кері әсерін тигізетін құбылыстың алдын алу – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Бұл орайда 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегия да бекітілді. Ондағы мақсат - індеттің алдын алып қана қоймай, оған «төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Одан бөлек, бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру үшін «Адалдық алаңы», «Антикор орталығы», «Адал білім» сынды жобалар қолға алынып, түрлі бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Нәтиже де жоқ емес. Алайда, бұл арада тамырын тереңге жіберген жемқорлықты жою бойынша халықты ортақ міндетке жұмылдырып, бір болып жұмыс жасау қажеттігін естен шығармауымыз керек. Өйткені, көп болып жасаған іс көрінеді.

Десе де, сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе күн тәртібінен түскен емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте: - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі. Бұлменің берік ұстанымым және сайлауалды бағдарламада берген уәдем. Осы жұмыста ешқандай көзбояушылққа, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге жол берілмеуге тиіс. Талап қатаң болады», - деген еді.

Алайда, талап күшейгенімен, қоғам індетінің тамыры жойылған жоқ. Сарапшылардың айтуына қарағанда, 2024 жылдың қаңтар-наурыз айларында елімізде сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар 404 адам анықталған. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,4 пайызға төмен.

Тамыры дендеген дерттен бірден айығу мүмкін емес. Ол да уақытпен реттелетін, кезеңімен шешілетін мәселе. Індеттің алдын алуға тек тиісті сала мамандары жауапты деп түсіну қате. Сондықтан бұл бағытта жұмыс нәтижелі болсын десек, қоғамның әрбір мүшесі өз үлесін қоса білу керек. Алдымен адалдық принципін ұстануымыз тиіс. Ізімізді басқан жастарға, өскелең буынның бойына жемқорлықтың теріс әсерін сіңіріп, «мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыра білуіміз қажет. Сонда ғана қоғам індетін алдын алып, тосқауыл қоя білеміз.

Ж. СЫРҒАБАЕВ,
«Талас-Таза су» мекемесінің заңгері.
Жамбыл облысы.

АУЫЛ АМАНАТЫ

ЖОБА АЯСЫНДА ШАҒЫН КОНДИТЕРЛІК БИЗНЕС БАСТАҒАН КӘСІПКЕР

«Ауыл аманаты» жобасы іске қосылғалы ауданға қарасты елді мекендерде кәсіппен айналысқысы келетін жастар қатары артқан. Жалпы өңірде кәсіпкерлік саласында қарқын бар. Кент және ауылдық округ бойынша «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы өткен жылдың желтоқсан айында 43 миллион теңгені құрайтын 10 жоба мақұлданып, қаңтар айының басында толық қаржыландырылған.

«Ауыл аманаты» жобасының негізгі мақсаты ауыл тұрғындарының кәсібін дамытып, көкжиегін кеңейтуге ықпал ету болып табылады. Жобаның игілігін көріп, кәсіп бастағандардың бірі – Еңбек ауылының тұрғыны Ақерке Жылқайдар. Ол былтыр аталған жобаға құжат тапсырып, жыл басында қаржылай қолдауға ие болған.

Жақсында үйінің ауласынан «Ақерке тәттілері» атты шағын кондитер өнімінің ашылу салтанатына куә болдық. Оған ауыл әкімі мен жергілікті тұрғындар, туысқандары мен көршілес аудандағы ағайындары келіп батасын берді.

Ең алдымен ауыл әкімі Бахытберген Балханов кейіпкеріміздің кәсібіне береке тілеп, елді мекенде «Ауыл аманаты» жобасы аясында ашылып жатқан бірінші шағын цех екенін тілге тиек етті.

«Әйел бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді» демекші, үй шаруасы, келіндік қызметімен қоса кондитерлік кәсібін дөңгелентіп отырған Ақерке Жылқайдар жан-жақты еңбек етуде. Шағын орталық лентасы қиылғаннан кейін кәсіпкер келіншекті әңгімеге тартып, кәсібінің қыр-сырымен таныстық. Ерте жастан асханаға жақын болған Ақерке анасына қолғабыс ете жүріп, түрлі тәтті пісіріп, дастарқан жасауды жақсы меңгерген.

– Тәтті пісіруге бала күнімнен әуеспін. Ең алғаш кәсібімді оқушы кезімнен бастағанмын. Яғни, үйден түрлі тәтті пісіріп мектепке апарып достарыма сататынмын. Алғаш пісірген тәттім «зебра пирог», «бәліш», «кекс». Ол кезде қазіргідей интернет желісі дамымаған. Газет-журналдарға шығатын тәттінің құрамын жазып алып, дайындайтынмын. Кейін «в контакте» әлеуметтік желісіндегі «Асхана» деген топқа тіркеліп, бірнеше тәттінің құрамын сол жақтан көру арқылы жасап үйрендім, – дейді Ақерке.

Кейіпкеріміз білікті мамандардан ешқандай арнайы оқу немесе курс оқымаған. Тәтті пісіруді интернет желісі арқылы «ютубтан» көріп, үйде даярлап үйренген. Ол сұқбат барысында студенттік шақта уақытша тәтті пісіруден қол үзіп, кейін тұрмыс құрғанда қайта қолға алғанын айтты. Сөзінше, енесі де тәтті пісірумен айналысады. Абысын, қайын апаларының кондитер кәсібі бар. Тәтті пісіруге деген қызығушылығы қайта оянған жас кәсіпкер білмегенін енесі мен жақындарынан үйрену арқылы кәсібін бастауға ниет еткен. Бүгінде оның үйінің бір бөлмесін шағын цех қылып кәсіп жүргізгеніне 6 жыл болған. Енесі мен жолдасы қолдап, қолынан келетін іспен кәсіп бастауға ниет еткен кейіпкеріміз былтыр тамыз айында «Ауыл аманаты» жобасына құжат тапсырып, қаңтар айында 4 миллион 250 мың теңге қаржыға ие болған.

– Қаражат қолыма тие салысымен торт пісіруге қажетті құрал-жабдықтар, миксерлер мен үлкен пеш, торт сақтауға арналған тоңазытқыш сатып алдым. Көп нәрсені енем мен қайынапам, абысыным үйретті. Солардың кондитер кәсібіне барып, түрлі тәттінің құрамымен таныстым. Бүгінгі маңызды күнде де мені қолдап, кәсібімнің лентасын қиған апам Ақгүлге алғысым шексіз. Оның кәсібі Жаңақорған ауданында, «Ақгүл тәттілері» деп аталады. «Кәсіп бастаймын» деген күннен бастап қасымда болып, бар қолдауын көрсеткен отбасыма алғысым шексіз. Сол кісілердің арқасында бүгін үйіміздің ауласынан шағын 2 бөлмелі цехымыз ашылып, кәсібім алға басқалы тұр, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

Ақеркенің кондитерлік өнімдері қатарынан түрлі тәтті торттарды атап айтсақ, «Қызыл бархыт», «Вуппи пай», «Сүтті қыз», «Микс» торт, бәліш пен самса, тәтті тоқашты таба аласыз. Ол мерекелік туған күн кештері мен қатар тойларға да тапсырыс қабылдайды. Бүгінде оның тәттілеріне сұраныс жоғары. Ауыл көлемін айтпағанда, Ақеркенің өнімдеріне көршілес ауылдар мен қатар облыс орталығынан да жиі тапсырыс түсіп жатады. Яғни, халықта сұраныс, ал кәсіпкерде ынта-жігер бар.

– «Ақерке тәттілерінің» өнімі – менің үйімдегі әр қуаныштың ажарын ашатын, дастарқанымның көркін келтіретін ерекше дәм. Әр тапсырыс берген сайын сапасы өзгермей, үнемі тіл үйіретіндей дәмімен қуантады. Ақеркемен бала кезден доспыз, бір мектепте, бір сыныпта оқыдық. Ол кішкентай кезінен тәттілер пісіруге ерекше ықыласты еді. Мектеп кезіндеақ тапсырысқа торт, тәтті пісіріп, тіпті дүкендерге де өткізіп жүретін. Бүгінде сол бала күнгі қызығушылығы үлкен кәсібіне айналды. Ақерке үшін бұл жай ғана кәсіп емес, оның жан дүниесі, махаббаты, еңбегі. Сондықтан оның қолынан шыққан әрбір тәттіде ерекше жылулық, айрықша дәм бар. Ақеркенің ісі әрі қарай да қанат жайып, өз тәттісімен талай дастарқанның сәнін келтіре беретініне сенімдімін, – дейді ауыл тұрғыны Гүлжан Алтынбекқызы.

Кейіпкеріміздің негізгі мамандығы – мейіргер. Ауылдық емханада аға мейіргер болып қызмет етеді. Қазіргі таңда бала күтіміне байланысты демалыста отырғандықтан бос уақытында кәсіппен айналысуға бел буған.

Иә, оның алға қойған мақсаты айқын. Алдағы уақытта қолынан іс келетін өзі секілді жас келіншектерге тәтті пісірудің қыр-сырын үйретіп, ауылдағы жұмыссыздық мәселесіне тұсау қоймақ. Жас болса да үлкен істі дөңгелентіп отырған кейіпкеріміздің кәсібін көзбен көріп, қуанышын бөлісіп қайттық.

А. БҮРКІТБАЙ.
Қызылорда облысы.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ТАУДАЙ ТЕХНИКАНЫ ТІЗГІНДЕГЕН

1974 жылы ашылған Қашар кеніші бүгінге дейін 345 миллион тоннадан астам темір рудасын берді. Мамандар жер қойнауында әлі 800 миллион тоннадай пайдалы қазба барын айтады. 470 метр тереңдікте жатқан батпан байлықты жер бетіне көтеру оңай шаруа емес. Кеніш табанындағы руданы 42 «Hitachi EH 4000» арнайы жүктасығыш техникасы сыртқа шығарады. Еңсесі 7, ені 9 метр болатын, бір тиегенде 220 тонна жүкті жоғарыға еркін алып шығатын қуатты техниканың бірін Любовь Бабашева жүргізеді.

Алып техниканы бағындырған арудың кенішке жұмысқа келуі де кездейсоқ. «Рудный су құбыры» серіктестігінде сусорғыш құрылғының машинисі болып жұмыс істеп жүрген кезінде Любовь қолы бос кезде такси қызметіне шығып, қосымша табыс тауып жүреді. Осындай сәттің бірінде көлігіне отырған жолаушының бірі Қашардағы автокөлік серіктестігінің бастығы Мақсат Қаламбаев болып шығады.

«Көлік жүргізу мәнерім көңілінен шықса керек, Мақсат Нұрғалиұлы кеніште жүргізуші жетпей жатқанын айтып, жұмысқа шақырды. Бір аптадан кейін барып, өтініш жазып, жұмысқа кірдім. Бір жыл «Нива Шевролет» автокөлігімен маркшрейдер, гидротехник мамандарды карьерге тасыдым. Кеніш түбінде жүрген алып техникаларға осы кезден бастап қызыға бастадым. Тау көшіп келе жатқандай болып көрінетін алып техниканың қасында менің «Нивам» шырпының қорабындай ғана болып қалады. Екінші жылы «КамАЗ-33081» көлігіне ауыстым. Одан кейін Рудный корпоративтік университетінде «Hitachi EH-3500», «Hitachi EH-4000» ауыр жүк тасымалдағыштарын басқаруды үйрендім», - дейді Любовь.

Теориялық білім алып, арнайы тренажердегі тәжірибеден кейін нұсқаушы маманның бақылауымен екі жарым ай тағылымдамадан өткен қайсар келіншек көптен көздеген мақсатына жетіп, су жаңа «Hitachi EH 4000» ауыр техникасының тізгініне отырады.

«Карьер көлігін жүргізу үшін, ең бастысы, техниканың көлемін ескеріп, бұрылыстарда, тар өткелдерде абай болу қажет. Көлік өте үлкен. Әу баста қиын болғанымен, қазір үйреніп алдым. Жерасты жынысы әр түрлі болады. Руданы қоймаға, жартас пен топырақты арнайы үйіндіге апарып төгеміз. Айналаның бәрін кабинада тұрған монитор арқылы анық көріп отырамыз. Монитор қайда баратынымызды, қай экскаватордың жанына барып тоқтайтынымызды да көрсетіп тұрады. Көлікте электрдинамикалық тежеу жүйесі, круиздік бақылау қондырғысы бар. Қауіпсіздік ережелерін сақтай білсең болғаны. Ер адамдармен бірге жұмыс істесең, өзіңе өзің сенімді бола түсесің. Таяуда қатарымызға Радмила есімді тағы бір әйел келіп қосылды», - дейді карьер көлігінің жүргізушісі.

Карьер жүргізушісі жұмыстан тыс уақытын үй шаруасына, екі баласына арнайды. Ұлы Әлішер де, қызы Әнел де – оқу озаты. Любовьтың өзі де таяуда кәсіподақ ұйымының «Еңбек озаты» төсбелгісімен марапатталды.

«Әлішер 13 жаста. Үйдің жанындағы мектепте оқиды. Өткенде ғана ұлымның үй тапсырмасына көмектесіп отырып, екеуіміз «Озаттар отбасы» деген тақырыпта эссе жаздық. Балаларым мені, мен балаларымды мақтан тұтамын», - дейді Любовь Бабашева.

Н. ҚҰЛАБАЕВ.
Қостанай облысы.

КӘСІПКЕРЛІК

БАЛҚИЯ АПАЙДЫҢ ГҮЛ БИЗНЕСІ

Шымкенттік сұлулардың гүлге деген ықыласы маусыммен шектелмей, жылдың төрт мезгілінде раушан мен қызғалдақтың сұлу нұрын тамашалауға мүмкіндік береді. Біз әңгімеге тартқан Балқия Жандарқызы қызғалдақты жылдың төрт мезгілінде өсіру мақсатында отбасымен бірге жылыжай ашып, осы кәсіпті дөңгелетіп отыр. Қазір оның ауласындағы 6,5 соттық жылыжайда қызғалдақпен қатар раушан гүлі де жайқалып тұр.

Балқия апай тәуекел етіп бастаған кәсібінің нәсібі аз болмайтынына бек сенімді. Өйткені, кейіпкерімізбен оның жолдасы бұл еңбектің тәтті нанының дәмін татып, рахатын көрген жандар. Бәрін басынан бастайық.

Балқия мектепті бітіргеннен кейін Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласындағы жоғары оқу орындарының бірінде есепші мамандығында оқыды. Еңбек жолын сондағы ауруханаының бухгалтерия бөлімінен бастады.

– Бір ауданда 8 аурухана болатын. Сол ауруханалардың есепшісі бір жерге шоғырландырылған еді. Сонда есепші болып жұмысқа орналастым. Алайда, көп ұзамай жолдасым Исабек Базарбековке тұрмысқа шықтым. Мен босаға аттаған әулет гүл өсіру бизнесімен айналысты. Қайын атам Исақ Базарбеков гүл өсіретін плантацияда агроном болған екен. Сол кісі кейін мұны балаларына үйретіпті. Мен келін болып түскен жылы қайын ағам мен күйеуім гүл өсіретін аймақты кеңейтті. Олардың баптап, өсіріп берген гүлдерін дүкенімізде саттым.

2016 жылы Шымкентке көшіп келдік. Жолдасым 5 ағайынды. Сол кісілердің балалары бүгінде Шымкентте тұрады. Біздің бір ұл, екі қызымыз бар. Ұлымның бауырларының қасында болғанын қалап, осында қоныс аудардық. Жолдасым үйіміздің алдындағы 6,5 соттық жерге жылыжай салып, кәсібін қайта қолға алды. Алғашқыда гүлді гүл сататын арнайы орындарға өткізетінбіз. Қазір өзіміздің шағын дүкеніміз бар. Өнімді сонда сатуға шығарамыз. Бағасы нарықтан әлдеқайда арзан. Үйден де келіп алып кетушілер көп, – деді Балқия.

Әрине, кез келген гүлді күтіп-баптаудың мехнаты оңай емес. Ол үшін жылыжайдың іші күндіз-түні бір қалыпты температурада болу керек, қатты жылып кетуге де, суытып алуға да болмайды. Оның бәрі гүлдің уақытында бүр жаруына әсер етеді. Соған қарамай, ата-бабасынан келе жатқан кәсіпті жалғастырған ерлі-зайыпты оны алдағы уақытта жетілдіре түсуді мақсат етіп отыр.

– Қолға алған кәсіпті дөңгелетіп алып кетуді ойлаған адам барлығының ретін табады екен ғой. Бізде де басында қиындықтар болмады емес, болды. Жолдасым сол сынақтардың бәрінен жол тауып өте білді. Қазір ол кісі раушан гүлі мен қызғалдақтың бірнеше түсін өзі ойлап шығарды. Және оған сұраныс өте үлкен болуда, – дейді кейіпкеріміз.

Ендеше жылыжайда жайқалған гүлдердің жұпар иісін сіз де аңсаған болсаңыз, Балқияға барыңыз. Қыр гүлі қызғалдақты жылдың төрт мезгілінде де қолыңызға ұстап, иіскей аласыз.

Д. ТОЙЛЫБАЙҚЫЗЫ.
Шымкент қаласы.

ОТБАСЫЛЫҚ КӘСІП

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІММЕН ТАНЫЛҒАН «ДАСТАРҚАН» БРЕНДІ

Еңбек адамына кәсіп бастауға ештеңе кедергі бола алмайды. Ең бастысы, ниет болса болғаны. Отбасымен тұшпара түйіп, кәсібін өркендетіп отырған Бірлік ауылының тұрғыны Гүлвира Кәменованың ісі көпке үлгі.

Аудан орталығы дүкендеріндегі мұздатқышта бірінші көзге түсетін – «Дастарқан» атауымен әзірленген жартылай дайын тағамдар. Бұл шағын ауылдың брендіне айналған өнім. Дәмді әрі жеңіл дайындалатын тағам сиыр, қой, жылқы етінен жасалады. Ең бастысы, кәсіп иесі етті жергілікті шаруалардан алады.

Кәменовтар әулеті он жылдан бері тұшпара жасап келеді. Ең ғажабы, өндіріс технологиясы үйде дайындалатын рецептке негізделген. Тұшпара қолмен түйіліп жасалады, оған артық заттар қосылмайды. Оған дәлел – тиісті органдардан берілген «халал» сертификаты бар.

Цех басшысы Гүлвира Қамбылқызының негізгі мамандығы сатушы. Кәсібін бастамас бұрын ол тұшпара цехтарында еңбек етіп, тәжірибе жинады. Отағасы Ермекпен отбасын құрғаннан кейін шағын дүкенін сатып, өз кәсібін бастады. Алғашында несие алып, тұшпара түйді. Өнімдерінің табиғи тазалығын алға тарта отырып, жартылай фабрикаттар дайындау цехын ашты. Сертификаттаудан өтіп, рұқсат алды.

«2014 жылы бастаған кезде тұшпарадан басқа ештеңе өндірген жоқпыз. Қазір картоп қосылған вареник, фрикаделька, котлет, самса, тұшпара сияқты тағам түрлерін дайындаймыз. Біртіндеп өнім түрін көбейтіп келеміз. Мұның бәрі тұтынушылардың сұранысына байланысты», – дейді Гүлвира.

Тұшпара үй рецепті бойынша дайындалып, түгелдей қолдан түйіледі. Өнім табиғи таза шикізаттан әзірленеді. Оған жергілікті жердегі мал өнімдері – сиыр, жылқы, қой еті, отандық ұн қолданылады. Қосалқы қоспалар қолданылмайды. «Бұл – біздің басты ұстанымымыз» дейді іскер әйел. Шағын цехта жергілікті 7 тұрғын тұрақты түрде жұмыс істейді. Аптасына 2 рет (дүйсенбі, бейсенбі) дайын өнімдер өз тұтынушыларына жөнелтіледі.

«Дастарқан» сауда маркасымен шығарылатын кәсіпорын тұшпаралары, басқа да жартылай фабрикаттары жергілікті сауда орындарында ғана емес, сонымен қатар, көршілес Ақсу, Алакөл аудандарында кеңінен саудаланады. Бүгінгі таңда кәсіпорынның өнім түрлерін ұлғайту арқылы табиғи өнімдерімен Талдықорған қаласының нарығына да шығу жоспары бар.

Келешекте елді мекеннен кондитерлік цех ашып, біраз тұрғынды жұмыспен қамтып, жұмыссыздықтың азаюына септігін тигізсем деген жоспары да бар.

Ж. ИГІМАН.
Жетісу облысы.

ҚАРЖЫ ҚАУІПСІЗДІГІ

БАНК КАРТАСЫН РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ ҚАТАҢДАТЫЛАДЫ

Қаржы саласындағы заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін жаңа ережелер енгізіледі.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банк қызметтерін реттеуге қатысты жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін құжатты қоғамдық талқылауға шығарды. Бұл шаралар қаржы саласындағы заңсыз әрекеттермен күресуді, оның ішінде дропперлік қызметтерді, «қаржы пирамидаларын» және «онлайн-казино» қызметін ұйымдастыруға тосқауыл қоюды көздейді.

Жаңа талаптар клиенттерге онлайн қызмет көрсету барысында қауіпсіздік шараларын күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар, күмәнді қаржылық схемаларға қатысу қаупі бар клиенттерді бақылау қатаңдатылады. Осыған орай, комплаенс-бақылау басшыларының жауапкершілігі артып, антифрод-қызметтердің жұмыс ауқымы кеңейеді.

Банктер үшін қандай өзгерістер енгізіледі?

Жаңа талаптарға сәйкес, қаржы ұйымдарына төмендегідей міндеттемелер жүктеледі:

• Жоғары тәуекелді шетелдік клиенттерді бақылау: Өкіл арқылы немесе қашықтан іскерлік байланыс орнатуға, сондай-ақ оларға банк карталарын шығарып, қайта шығаруға тыйым салынады.

• Биометриялық сәйкестендіру: Клиенттің жеке басын растау үшін төлқұжат фотосуреті негізінде биометриялық тексеру жүйесі енгізіледі.

• Бір клиент – бір төлем картасы: Бір адамның бірнеше картаны рәсімдеуіне шектеу қойылып, бұл көрсеткіш бақыланады.

• Қазақстан аумағында болу заңдылығын тексеру: Елде тұру мәртебесі күмән тудырған жағдайда қосымша тексеру жүргізіледі.

• Қаржы операцияларын қатаң бақылау: Жаңа немесе қайта шығарылған карталарға алғашқы үш ай ішінде ерекше мониторинг жүргізіледі.

• Дропперлік операцияларды анықтау: Құқыққа қарсы қаржылық әрекеттерді болдырмау үшін банктер мен Ұлттық банктің Антифрод-орталығының ынтымақтастығы күшейтіледі.

Бұл өзгерістер қаржы саласындағы заңсыз әрекеттердің алдын алып, банк қызметтерінің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Құжат қоғамдық талқылау үшін «Ашық НҚА» порталында 14 сәуірге дейін жарияланған.

Н. ҒАЛЫМ.
Астана қаласы.

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫ

ЕЛ ҚАЗЫНАСЫН ТОЛТЫРЫП, ЭКОНОМИКАНЫ КӨТЕРУДІҢ БІР ЖОЛЫ...

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Туризм экономиканың өсуіне жаңаша серпін беретін сала болуы қажет. Бұл бағытта біз артта қалып барамыз, жұмыс мардымсыз жүріп жатыр. Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар. Шетелден және ел ішінен келген туристер біздің қайталанбас қорықтарымызды аралап көргісі келеді. Бірақ, белсенді және ауқымды туризмді дамыту үшін жағдайымыз жеткілікті емес. Сондықтан, жеке инвесторларды да тарта отырып, қажетті инфрақұрылым салу жұмысын дереу бастау қажет. Туризм саласының инвестициялық әлеуетін күшейтуге арналған кез келген бастамаға қарсы шығатын адамдардың жетегінде кетпеу керек. Маңғыстауда әйгілі Бозжыраға байланысты сондай жағдай болғанын білесіздер» деп Үкімет пен әкімдерге нақты міндеттер жүктеді.



Қасым-Жомарт Тоқаев Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында да туризм аймақтардың дамуына серпін беретін сала болуға тиіс екенін атап көрсетті. «Жергілікті жердегі және республикалық және халықаралық іс-шаралар өңірлердің туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Биыл Таразда өтетін «Достастық жәрмеңкесі» осындай жобаның бірі болмақ. Жәрмеңкеге көптеген елдің қолөнершілері мен ауыл шаруашылығы мамандары шақырылды. Бұл іс-шара серіктес елдермен экономикалық байланысымызды одан әрі күшейтеді. Сонымен қатар, ең көне сауда және мәдениет орталығының бірі – Тараз қаласының беделін арттыра түседі, облысқа жаңа инвестиция тартуға және туристердің көптеп келуіне септігін тигізеді. Жалпы, әр аймақта жұртшылық асыға күтетін әрі дәстүрге айналған осындай маңызды мәдени-туристік іс-шаралар өтіп тұрады. Оны негізінен демеушілердің қаражаты есебінен ұйымдастырған жөн. Іс-шараларды жыл бойы жалғасатындай етіп біркелкі бөлу, бренд ретінде қалыптастырып, жарнамалау қажет.

Әрбір оқиға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетіліп, ел ішінде және шетелдерде жұрт назарына ілігуге тиіс. Мұның бәрі адамдардың аймақтарға қызығушылығын арттырып, туризмді дамытуға мүмкіндік береді. Туризм - бизнес пен экономиканың тұтас саласы. Маманнарды дайындау қажет» деді.

Президент тапсырмасын орындауды Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті бірден қолға алғандай. Мәселен, 20-25 наурыз аралығында «Алматы-Түркістан-Ташкент-Самарқанд-Тараз-Алматы» бағаты бойынша ұйымдастырылған туристік «Jibek Joly» пойызының Тараз қаласында болуы. Онда 312 турист 2000 жылдық тарихы бар ежелгі де, жаңарған қаланың көрікті жерлерін, ықылым заманнан бүгінге жеткен жәдігерлерді тамашалады. (туристік пойыздың келуі туралы мақала газетіміздің 29 наурыз күнгі нөмірінде жарияланды).

Туризм индустриясы комитеті 30 сәуір мен 7 мамыр аралығында «Алматы-Түркістан-Бұқара-Смарқанд-Ташкент-Алматы» бағыты бойынша жоғарыдағыдай туристік турды қолға алыпты. Бұл бағдарлама Ұлы Жібек жолының бойындағы Қазақстанмен қатар, Өзбекстсан қалаларын да қамтитын көрінеді. Сапар бағыты кеңейтіліп, Орталық Азияның ең көне қалаларының бірі - Бұхара тізімге еніпті. Сегіз күндік саяхатта туристер Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Отырар қалашығын, Тараздағы Айша бибі мен Қарахан кесенелерін тамашалайды. Туристік пойыз жолаушыларға ыңғайлы саяхат үшін барлық қажеттілікпен жабдықталған. Жоба іске қосылғаннан Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған танымал брентке айналып үлгерген. Биылғы тур аясында бағдарлама жаңа нысандармен толықтырылып, экскурциялар кеңейтіліп, сонымен қатар, интерактивті форматтар енгізілген.

Сәуір айында еліміз бойынша туризм саласында түрлі форматта іс-шаралар өтетін көрінеді. Әр өңірде алыс-жақын шетелден келетін және ішкі туризмді дамытуға бағытталған көрмелер, фестивальдер, оқыту семинарлары, басқа да іс-шаралар өткізу жоспарланған. Атап айтар болсақ,

Алматыда 23-25 сәуір күндері айдың басты туристік іс-шарасы - 23 халықаралық «KITF-2025» туристік көрмесі өтеді. Оған еліміз бен шетелдің туризм саласындағы жетекші өкілдер қатысады деп күтілуде. Шымкент қаласында қызғалдақтың символдық ерекшелігін дәріптейтін «Қызғалдақ жолы» фестивалі өтіп, бағдарлама аясында театрлдандырылған қойылым, шеру мен жәрмеңке өткізу жоспарланыпты. Түркістан облысында 15 сәуірде Түркістандағы этноауылда дәстүрлі неке қию рәсімі - «Neke Tour» атты ерекше шара өтпек екен.

Ақмола облысындағы жер жанаты - Бурабайда туризмді дамытуға бағытталған «туризмдегі маркетинг», «экотризмді дамыту», «гастротуризм негіздері», «агротуризм-өңір дамуының факторы», «экскурсоводтың негізгі дағдылары» атты семинарлар, тренигтер ұйымдастырылатын көрінеді.

Шығыс Қазақстан облысында 19-20 сәуір күндері Өскемен қаласындағы «Титан» спорт кешені базасында «Шығыс арғымақ» көрмесі өтеді. Бұл іс-шараның мақсаты – ат туризмінің үздік тәжірибелерін ұсыну. Атқа міну өнерін насихаттау арқылы ұлттық мәдениетті дәріптеу және белсенді демалысты дамыту көзделген.

Мемлекет басшысы әлемдік деңгейде Қазақстан туризмінің «визит картасына» айналуы тиіс өңірлерді еске салды. Бүгінде «Бурабай», Маңғыстау курорттық аймақтарын, Алматы тау кластерін дамытуға ерекше назар аударылуда. Үш дестинация бойынша 8 бағытты қамтитын 2025–2029 жылдарға арналған кешенді жоспарды түзету жұмыстары жүруде. Туристік аймақтарға бірінші инфрақұрылым тартылу керек. Зайсан, Катонқарағай, Кендірлі курорттық аймақтары да туристерді мейлінше көп тартуға болатын өңір. Президент нұсқауымен ол өңірлерде әуежай құрылысы басталған.

Жалпы алғанда Қазақстанның қай өңірі болмасын туристерді көптеп тартуға сұранып-ақ тұр. Әулиелі өңір – бір ғана Жамбыл облысының өзінде мыңжылдықтар қойнауынан жеткен тарихи жәдігерлер тіпті көп. Тараз қаласы мен маңайындағы әулиелер кесенелері де алас-жақын шетелдерден және Қазақстанның әр өңірінен келген қонақтарды өздеріне тартып тұрады. Облыстың он ауданында да көнеден жеткен жәдігерлер, тарихи орындар аз емес. Мұндай киелі орындар, ежелгі дәуірдің ескерткішіндей болған жәдігерлер еліміздің оңтүстігімен қатар, шығыста да, бастыста да, солтүстікте де жетіп жатыр.

Туризмді дамыту Туризм және спорт министрлігінің ғана міндеті емес. Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру, Үкіметпен қатар, облыс, аудан әкімдерінің, тиісті басқарма мен бөлімдерінің міндеті екені естен шықпаса дейміз. Президенттің «Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар» дегені қай өңірге болмасын алыс-жақын шетелден туристер тартуға болатынын еске салып тұрғандай. Ішкі туризмді де дамытудың бірден-бір жолы сондай көрікті жерлерге әр өңірдің тұрғындарын тарту керек. Бұдан жергілікті және республикалық бюджетке қомақты қаржы түседі. Өркениетті мемлекеттер қазынасының бір бөлігін туризмді дамыту арқылы еселелеп арттырып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері – әріптестер де өздері тұрып жатқан өңірлердің інжу-маржандарын, ежелден жеткен ескерткіштерді, табиғат таңғажайыптарын, тарихи жәдігерлерді үздіксіз жазып, көрсетсе дейміз. Мұны да Президент Ұлытауда өткен төртінші Ұлтық құрылтайда еске салғанынын жоғары да атап көрсеттік.

Ақындар мен жазушылар, тарихшылар, басқа да өнер адамдары, әлеуметтік желіде қаралымы көп басқа да қазақстандықтар туған жерінің, тұрған өңірінің ғажайып көріністерін әлеуметтік желігі жүкетеп жатса қане. Қорыта айтқанда, әрбір азамат ортақ істен тыс қалмай, туризмді дамытуға үлес қосайық!

А. ӘБІЛ.
Астана қаласы.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ – ТМРК. «СУ-ЖЕР» ЖШС-НІҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 9 сәуір күні сағат 15:00-да** Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі №78, 7 қабат, 720 кабинет «Су-Жер» ЖШС-нің суды арналар арқылы беру қызметіне арналған тариф жобасын қарау бойынша жария тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

Сонымен қатар, «Су-Жер» ЖШС-нің тұтынушылары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жария тыңдауға қатыса алады.

Сілтеме: (https://www.facebook.com/profile.php?id=100050243313758).

КРЕМ - ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ. О ПРОВЕДЕНИИ ПУБЛИЧНЫХ СЛУШАНИЙ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «СУ-ЖЕР»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Жамбылской области объявляет о проведении публичных слушаний по рассмотрению заявки проекта тарифа на услуги по подаче воды по каналам ТОО «Су-Жер» который состоится **9 апреля 2025 года в 15:00 часов** по адресу: Жамбылская область, город Тараз, ул. Желтоксан №78, 7 этаж, 720 кабинет.

Между тем сообщаем, что потребители ТОО «Су-Жер» и иные заинтересованные лица могут принять участие на публичных слушаниях также и в онлайн режиме на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook».

Ссылка: (https://www.facebook.com/profile.php?id=100050243313758).

ҰЗЫНКӨЛ АУЫЛЫНДА «ҰЗЫНКӨЛ СУ» МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтерге «Ұзынкөл Су» МКК-ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 7 сәуірда сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Ұзынкөл ауылы, Водопроводная көшесі, 17 мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В СЕЛЕ УЗУНКОЛЬ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «УЗУНКОЛЬ СУ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ГКП «Узунколь Су» на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергии.

Публичное слушание состоится **7 апреля 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, село Узунколь, улица Водопроводная 17.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

ЖІТІҚАРА ҚАЛАСЫНДА «ЖИТИҚАРАКОММУНЭНЕРГО» МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Житиқаракоммунэнерго» МКК-ның магистральдық құбырлар мен тарату желілері (техникалық су) арқылы су беру қызметтеріне тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылғы 9 сәуірде сағат 10.00-де** Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, Ищанов көшесі 13, каб. 13 мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ГОРОДЕ ЖИТИКАРА ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «ЖИТИКАРАКОММУНЭНЕРГО»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ГКП «Житикаракоммунэнерго» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (техническая вода).

Публичное слушание состоится **9 апреля 2025 года в 10.00 часов** по адресу: Костанайская область, город Житикара, улица Ищанова 13, кабинет №13.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

РАЗДОЛЬНОЕ АУЫЛЫНДА «НАУЫРЗЫМ СЕРВИС» ЖШС-НІҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Науырзым сервис» ЖШС-нің магистральдық құбырлар мен тарату желілері (Раздольное ауылы) арқылы су беру қызметтеріне тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылғы 9 сәуірде сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Раздольное ауылы, әкімдік, Мирная көшесі, 10-ғимарат мекенжайы бойынша өтеді

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В СЕЛЕ РАЗДОЛЬНОЕ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «НАУРЗУМ-СЕРВИС»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ТОО «Наурзум-сервис» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (села Раздольное).

Публичное слушание состоится **9 апреля 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, Наурзумский район, село Раздольное, акимат, ул. Мирная, стр. 10.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ, saltar61@mail.ru
Газет 1996 жылғы наурыздан шығады

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 239